

**2024 жылғы 1 сәуірден 2025 жылғы 31 наурызға дейін
Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама
басқармасының «Халықтар достығы орденді К.С. Станиславский
атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театры» КМҚК-дағы
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
аналитикалық анықтама**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ереженің 13-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Халықтар достығы орденді К.С. Станиславский атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театры» КМҚК-да (бұдан әрі – Театр) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Театр басшысының 2025 жылғы 31 наурыздағы № 31 бұйрығы шығарылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құрамы: Кемеров Думан, аудармашы – комплаенс-офицер; Игониная Людмила Николаевна, заңгер; Садуакасов Ерлан Бейсенович, музыка бөлімінің меңгерушісі; Ким Елена Иосифовна, бас суретші; Литвинова Наталья Анатольевна, кадрлар жөніндегі менеджер.

Талданатын кезең: 2024 жылғы 1 сәуірден 2025 жылғы 31 наурызға дейін.

Талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылғы 1 сәуірден 2025 жылғы 30 сәуірге дейін.

Кәсіпорын қызметінің мәні әдебиет және өнер туындыларының сахналық көрсетілімдерін жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) облыс және Қазақстан Республикасының өңірлері халқының барлық топтары үшін театр-ойын-сауық іс-шараларының жалпыға бірдей қол жетімділігін қамтамасыз ету;

2) шығармашылық жетістіктерді, қазіргі заманғы авторларының туындылары мен әлемдік мәдениеттің ең озық үлгілерін насихаттау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өскелең ұрпағына эстетикалық және адамгершілік тәрбие беру;

3) Қарағанды өңірінің және Қазақстан Республикасының ұлттық мәдениетін дамытуға және байытуға ықпал ету;

4) Қазақстанда ұлттық театр эстетикасын қалыптастыратын және азамат пен жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған бүгінгі күннің шындығын бейнелейтін театр дәстүрлерін, сахналық қойылымдарды сақтау және дамыту.

Кәсіпорын қойылған мақсаттарды іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

театрлық қызмет.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Театрдың қызметіне қатысты ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Театрдың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Театрдың қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерде және ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Театрдың қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі:
«Қарағанды облысы экономика басқармасы» ММ-нің 2025 жылғы 13 ақпандағы № 30 бұйрығымен бекітілген Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Халықтар достығы орденді К.С. Станиславский атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы;

2025 жылғы 07 наурыздағы Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама;

Ішкі бөлімшелер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілер, ішкі құжаттар, ережелер зерттелді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды талдау нәтижелері бойынша құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Талдау барысында Театр жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары зерделенді.

Театрдың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Театрдың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша жүргізілді:

персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;

мүдделер қақтығысын реттеу;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- мемлекеттік сатып алулар;
- заңды және жеке тұлғалардың өтініштері;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тартылған қызметкерлерді тексеру;
- театр билеттерін сату;
- қаржылық қамтамасыз ету және бюджеттік жоспарлау;
- Театрдың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау

Театр штат кестесі Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасымен 2025 жылғы 03 наурызда бекітілді. Талдау жүргізу кезінде Театрда нақты жұмыс істейтін қызметкерлердің саны 120 адамды құрайды, штат саны 154 бірлік.

Талданып отырған кезеңде Театрға 25 қызметкер жұмысқа қабылданды, 32 қызметкер жұмыстан шығарылды (24 – өз қалауы бойынша, 3 – штатты қысқарту бойынша, 3 – еңбек шартының мерзімінің аяқталуы, 2 – жұмыс берушінің бастамасы бойынша).

Театрдың бос лауазымдары бойынша хабарландырулар enbek.kz электрондық еңбек биржасында және headhunter.kz сайтында орналастырылады. Театр бос орындар жәрмеңкелеріне белсенді қатысады, ай сайын Қарағанды облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығына ағымдағы бос жұмыс орындарының дерекқорына енгізу үшін бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді ұсынады.

Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, қылмыстық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына, ҚР ЕК 111-бабына сәйкес лауазымдарды қоса атқару үшін қосымша ақыны орындалатын жұмыс көлеміне қарай жұмыс беруші қызметкермен келісім бойынша белгілейді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесінде айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесі:

Театр басшысы, бас бухгалтер, басшының орынбасары, басшының ӘШМ жөніндегі орынбасары, бухгалтер (мемлекеттік сатып алу бойынша), көрермендерді ұйымдастыру жөніндегі менеджер, қойма меңгерушісі, жабдықтау жөніндегі инспектор, билет кассасының басшысы.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Талдау кезеңінде Театр қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысы фактісі анықталды. Ол еңбек қатынастарындағы туыстық байланыс арқылы көрініс тапты: Уtimiшева Галина Вильдановна – басшының орынбасары қызметін атқарған (қызы), ал Уtimiшева Кадрия Сабиржановна – билет кассасының басшысы қызметінде жұмыс істеген (анасы).

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының талаптарына сәйкес, сондай-ақ театрдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясатына сәйкес аталған адамдардың бірге еңбек қызметі мүдделер қақтығысын туғызады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін Театр басшысының 2025 жылғы «05» қаңтардағы № 4 ж/қ бұйрығымен билет кассасының басшысы К.С. Уtimiшевамен еңбек шарты бұзылды.

Осылайша, мүдделер қақтығысы анықталып, тиісті түрде реттелді. Бұл басшының орынбасарымен туыстық байланысы бар тұлғамен еңбек қатынастарының ресми түрде тоқтатылғанын растайтын құжаттармен дәлелденеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру

Театр басшысының 2024 жылғы 24 мамырдағы № 95 ө бұйрығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құжаттар бекітілді:

- 1) Театрдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже;
- 2) Театрдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- 3) Театрдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;
- 4) Театрдағы мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты;
- 5) Театрдың корпоративтік этика кодексі.

Сондай-ақ, Театр басшысының 2024 жылғы 18 маусымдағы № 112 ө бұйрығымен Театр қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі бекітілді.

Жоғарыда аталған құжаттар Театрдың ресми сайтында орналастырылды.

2024 жылғы 3 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының басшысымен «Корпоративтік этика кодексі» тақырыбында әңгіме өткізілді.

2024 жылғы 23 қыркүйекте ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің өкілімен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» тақырыбында әңгіме өткізілді.

Мемлекеттік сатып алулар

Театрдың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау Театр қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің анықталмағанын көрсетті.

Театрда мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі. Сатып алу және шарттар жасасу мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүргізілді.

2024 жылғы 1 сәуірден 2025 жылғы 31 наурызға дейін мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес 207 тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүргізілді.

Шарттар келесі тәсілдер арқылы жасалды:

114 – баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен

66 – шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен

17 – өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен

2 – ашық конкурс тәсілімен

8 – электрондық дүкен арқылы

Өнім берушілер тарапынан 2024 жылғы 1 сәуірден 2025 жылғы 31 наурызға дейін кезеңде мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша шарттық міндеттемелерді орындамау фактілері:

«Сығайбаев» ЖК (21.05.2024 ж. № 152 шарт): жіберілген бұзушылық: міндеттемені орындау бойынша мерзімді өткізіп алу, Қарағанды облысының МАЭС 06.08.2024 ж. №3514-24-00-2\3479 шешімімен - жосықсыз өнім беруші болып танылды;

«СКМ-Юг» ЖШС, «Madison Group» ЖШС (04.05.2022 ж. № 113 шарт): жіберілген бұзушылық: кемшіліктерді жою бойынша кепілдік міндеттемелерін орындамау, Қарағанды облысының МАЭС 19.07.2024 ж. № 3514-24-00-2\3121 шешімімен – кепілдік міндеттемелерін орындауға мәжбүрленді. Міндеттемелер 2024 жылдың қараша айында орындалды;

«Мукашев Бауржан» ЖК (20.09.2024 ж. № 231 шарт): жіберілген бұзушылық: шарттық міндеттемелерді ішінара орындау, Қарағанды облысының МАЭС 03.12.2024 ж. №3514-24-00-2\5904 ұйғарымымен – ішінара орындауға байланысты талапты қараусыз қалдырылды;

«Construction Expert group» ЖШС (16.07.2024 ж. № 224 шарт): жіберілген бұзушылық: шарттық міндеттемелерді орындау бойынша мерзімді өткізіп алу, Қарағанды облысының МАЭС 17.09.2024 ж. №3514-24-00-2\4300 шешімімен – жосықсыз өнім беруші болып танылды;

«Толеубеков Бахтияр» ЖК (19.11.2024 ж. № 289 шарт): жіберілген бұзушылық: шарттық міндеттемелерді орындау бойынша мерзімді өткізіп алу, Қарағанды облысының МАЭС 06.02.2025 ж. №3514-24-00-2\6917 шешімімен – жосықсыз өнім беруші деп танылған жоқ.

Театр қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне шағымдар бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

Талданып отырған кезеңде Театр қызметкерлерінің іс әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардан шағымдар түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тартылған қызметкерлерді тексеру

Талданып отырған кезеңде Театр қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылған жоқ.

Театр билеттерін сату

Театр халыққа театр қойылымдарына сатуға арналған театр билеттерін сатады. Театр кассадан басқа, ticketon.kz, kassy.kz билеттерді онлайн сатып алу жүйесін қолдана отырып, билеттерді сатудың автоматтандырылған жүйесі бойынша жұмыс істейді.

Балалар үйлері, соғыс және еңбек ардагерлері және т.б. үшін қайырымдылық акциялары өткізіледі.

Қаржылық қамтамасыз ету және бюджеттік жоспарлау

2024 жылғы 21 қарашадағы жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша бұзушылықтардың бір бөлігі жойылды, ал қалғандары бойынша тиісті ден қою шаралары қабылданды. Болашақта Театр бұзушылықтарды болдырмауға бағытталған жүйелі шаралар қабылдайтын болады.

Театрдың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында Театр (басшы тұлғасында) мен Театр басшысының орынбасары Г.В. Утимишева арасында 2025 жылғы 01 наурыздағы билет өнімдерін сату бойынша қызметтер көрсетуге агенттік шарт жасасудың заңдылығы туралы мәселе қаралды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін».

Басшының орынбасары еңбек шарты бойынша жалақы алатын Театрдың штаттық қызметкері болып табылады. Онымен сыйақымен азаматтық-құқықтық шарт (агенттік) жасасу мүдделердің тікелей қақтығысын тудырады,


өйткені ол бір мезгілде: басқару функцияларын орындайды; қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты процестерге қатысады.

Ұсыныстар:

1. Ішкі талдау нәтижелері бойынша қабылданатын ішкі актілерге ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты талдау жүргізу;
2. Театр басшысының орынбасарымен агенттік шартты бұзу, өйткені театрдың басқару құрылымына кіретін штаттық қызметкермен азаматтық-құқықтық шарт жасасу «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының мүдделер қақтығысын болдырмау бөлігінде талаптарды бұзады.

Басшы

Комплаенс-офисер



Г. Темірова

Д. Кемеров

Аналитическая справка
по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков в КГКП
«Карагандинский государственный ордена Дружбы народов русский
драматический театр им. К.С. Станиславского» управления культуры,
архивов и документации Карагандинской области за период с 1 апреля
2024 года по 31 марта 2025 года

В соответствии с пунктом 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V «О противодействии коррупции», Типовыми правилами проведения внутреннего анализа коррупционных рисков, утвержденных приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 19 октября 2016 года № 12, а также согласно подпункту 3 пункта 13 Типового положения об антикоррупционных комплаенс-службах в субъектах квазигосударственного сектора, утвержденного приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционной службы) от 31 марта 2023 года № 112 в целях проведения внутреннего анализа коррупционных рисков в КГКП «Карагандинский государственный ордена Дружбы народов русский драматический театр им. К.С. Станиславского» управления культуры, архивов и документации Карагандинской области (далее – Театр) издан приказ руководителя Театра «О проведении внутреннего анализа коррупционных рисков» от 31 марта 2025 года № 31.

Состав антикоррупционной комплаенс-службы: Кемеров Думан, переводчик – комплаенс-офицер; Игонина Людмила Николаевна, юрист; Садуакасов Ерлан Бейсенович, заведующий музыкальной частью; Ким Елена Иосифовна, главный художник, Литвинова Наталья Анатольевна, менеджер по кадрам.

Анализируемый период: с 1 апреля 2024 года по 31 марта 2025 года.

Период проведения анализа: с 1 апреля 2025 по 30 апреля 2025 года.

Предметом деятельности Театра является: осуществление сценических представлений произведений литературы и искусства.

Целями деятельности Театра является:

1) обеспечение общедоступности театрально - зрелищных мероприятий для всех слоев населения области и регионов Республики Казахстан;

2) пропаганда творческих достижений, произведений современных авторов и лучших образцов мировой культуры, а также эстетического и нравственного воспитания подрастающего поколения Республики Казахстан;

3) содействие развитию и обогащению национальных культур Карагандинского региона и Республики Казахстан;

4) сохранение и развитие театральных традиций, сценических постановок, отражающих реалии сегодняшнего дня, формирующих национальную театральную эстетику в Республике Казахстан и направленных на становление гражданина и личности.

Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:
театральная деятельность.

Внутренний анализ коррупционных рисков проводился по следующим направлениям:

- 1) выявление коррупционных рисков во внутренних документах, затрагивающих деятельность Театра;
- 2) выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности Театра.

Выявление коррупционных рисков в нормативно-правовых актах и внутренних документах, затрагивающих деятельность Театра

Перечень нормативно-правовых актов, затрагивающих деятельность Театра:

Устав коммунального государственного казенного предприятия «Карагандинский государственный ордена Дружбы народов русский драматический театр им. К.С. Станиславского» управления культуры, архивов и документации Карагандинской области, утвержден приказом ГУ «Управление экономики Карагандинской области» от 13 февраля 2025 года № 30;

Справка о государственной перерегистрации юридического лица от 07.03.2025 года;

Изучены правовые акты, внутренние документы, положения которыми внутренние подразделения руководствуется в своей деятельности.

По результатам анализа дискреционных полномочий и норм, способствующих совершению коррупционных правонарушений, не выявлено.

В ходе анализа были изучены должностные инструкции работников Театра.

Выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности Театра

Выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности Театра проводилось по следующим вопросам:

- ~ управления персоналом, в том числе определение должностей, подверженных коррупционным рискам;
- ~ урегулирования конфликта интересов;
- ~ организация работы по противодействию коррупции;
- ~ государственные закупки;
- ~ обращения физических и юридических лиц;
- ~ проверка работников, привлеченных за совершения коррупционных правонарушений;

- ~ продажа театральных билетов;
- ~ финансовое обеспечение и бюджетное планирование;
- иные вопросы, вытекающие из организационно-управленческой деятельности Театра.

Управления персоналом, в том числе определения должностей, подверженных коррупционным рискам

Штатное расписание Театра утверждено Управлением культуры, архивов и документации Карагандинской области от 03 марта 2025 года. На момент проведения анализа фактическая численность сотрудников, работающих в Театре составляет 120 человек, при штатной численности 154 единицы.

За анализируемый период в Театр принято работников – 25, уволено работников – 32 (24 – по собственному желанию, 3 – по сокращению штата, 3 – истечение срока трудового договора, 2 – по инициативе работодателя).

Объявления по вакантным должностям Театра размещаются на электронной бирже труда enbek.kz и на сайте headhunter.kz. Театр активно принимает участие в ярмарках вакансии, ежемесячно предоставляет в Центр трудовой мобильности по Карагандинской области сведения о вакантных рабочих местах для включения в базу данных текущих вакансии.

Фактов принятия на работу лиц, ранее совершивших коррупционное правонарушение, уголовное преступление, нет.

Доплаты за совмещение должностей устанавливаются работодателем по соглашению с работником, исходя из объема выполняемой работы, согласно ст.111 ТР РК, Постановлением Правительства Республики Казахстан № 1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий».

Перечень должностей, подверженных коррупционным рискам, определенных по итогам внутреннего анализа коррупционных рисков:

Руководитель Театра, главный бухгалтер, заместитель руководителя, заместитель руководителя по АХВ, бухгалтер (по государственным закупкам), менеджер по организации зрителя, заведующий складом, инспектор по снабжению, руководитель билетных касс.

Урегулирование конфликта интересов.

В анализируемом периоде было выявлен конфликт интересов, выразившийся в наличии родственной связи между сотрудниками Театра: Уtimiшева Галия Вильдановна, занимавшая должность заместителя руководителя (дочь); Уtimiшева Кадрия Сабиржановна, работавшая в должности руководителя билетных касс (мать).

В соответствии с требованиями Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года № 410-V ЗРК, а также

внутренней антикоррупционной политики Театра совместная трудовая деятельность указанных лиц на должностях представляет собой конфликт интересов.

Во избежание коррупционных рисков расторгнут трудовой договор с Уtimiшевой К.С., руководителем билетных касс приказом руководителя Театра от «05» января 2025 года № 4 л/с.

Таким образом, конфликт интересов был выявлен и урегулирован, что подтверждается документально оформленным прекращением трудовых отношений с лицом, находящимся в родственной связи с заместителем руководителя.

Организация работы по противодействию коррупции

Приказом руководителя Театра от 24 мая 2024 года № 95 п утверждены документы в сфере противодействия коррупции:

- 1) Положение об антикоррупционной комплаенс-службе Театра
- 2) Политика противодействия коррупции в Театре
- 3) Инструкция по противодействию коррупции в Театре
- 4) Политика выявления и урегулирования конфликта интересов в Театре
- 5) Кодекс корпоративной этики Театра

А также, приказом руководителя Театра от 18 июня 2024 года № 112 п утвержден порядок информирования работниками Театра о фактах или возможных нарушениях антикоррупционного законодательства.

Вышеперечисленные документы размещены на официальном сайте Театра.

3 июля 2024 года состоялась беседа с руководителем Филиала Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по Карагандинской области на тему «Кодекс корпоративной этики».

23 сентября 2024 года состоялась беседа с представителем Департамента Агентства РК по противодействию коррупции по Карагандинской области на тему «Антикоррупционная политика».

Государственные закупки.

Проведенный внутренний анализ коррупционных рисков Театра показал, что коррупционных рисков в деятельности Театра не выявлено.

Государственные закупки в Театре проводятся согласно Закона Республики Казахстан «О государственных закупках». Закупки и заключение договоров проводились посредством веб-портала государственных закупок.

С 1 апреля 2024 года по 31 марта 2025 года, согласно утвержденному плану государственных закупок проведено 207 государственных закупок товаров, работ, услуг.

Заключены договора:

114 – способом запроса ценовых предложений

66 – способом из одного источника путем прямого заключения договора

- 17 – способом из одного источника по несостоявшимся закупкам
- 2 – способом открытого конкурса
- 8 – способом через электронный магазин

Имеются факты неисполнения договорных обязательств, по договорам государственных закупок в период с 1 апреля 2024 года по 31 марта 2025 года, со стороны поставщиков, как:

ИП «Сығайбаев» (договор №152 от 21.05.2024г.): допущенное нарушение: просрочка исполнения, решение №3514-24-00-2\3479 от 06.08.2024г. СМЭС Карагандинской области – признан недобросовестным поставщиком;

ТОО «СКМ-Юг», ТОО «Madison Group» (договор №113 от 04.05.2022г.): допущенное нарушение: невыполнение гарантийных обязательств по устранению недостатков, решение №3514-24-00-2\3121 от 19.07.2024г. СМЭС Карагандинской области –понуждение исполнить гарантийные обязательства. Исполнено в ноябре 2024 года;

ИП «Мукашев Бауржан» (договор №231 от 20.09.2024г.): допущенное нарушение: частичное исполнение договорных обязательств, определение №3514-24-00-2\5904 от 03.12.2024г. СМЭС Карагандинской области – об оставлении иска без рассмотрения в связи с частичным исполнением;

ТОО «Construction Expert group» (договор №224 от 16.07.2024 г.): допущенное нарушение: просрочка исполнения договорных обязательств, решение №3514-24-00-2\4300 от 17.09.2024г. СМЭС Карагандинской области – признан недобросовестным поставщиком;

ИП Толеубеков Бахтияр (договор №289 от 19.11.2024 г.): допущенное нарушение: просрочка исполнения договорных обязательств, решение №3514-24-00-2\6917 от 06.02.2025 г. СМЭС Карагандинской области – отказ в признании недобросовестным поставщиком.

Обращения физических и юридических лиц по жалобам на действия работников Театра

За анализируемый период жалобы на действия работников Театра от физических и юридических лиц не поступало.

Проверка работников привлеченных за совершения коррупционных правонарушений

За анализируемый период за совершение коррупционных правонарушений должностные лица Театра к уголовной и административной ответственности не привлекались.

Продажа театральных билетов.

Театр реализует театральные билеты, предназначенные для продажи населению на театральные постановки. Театр помимо кассы, работает по автоматизированной системе продаж билетов, используя систему онлайн-покупки билетов ticketon.kz, kassy.kz.

Проводятся благотворительные акции для детских домов, ветеранов войны и труда и т.д.

Финансовое обеспечение и бюджетное планирование

По итогам проведенного государственного аудита от 21 ноября 2024 года, часть нарушений была устранена, а по остальным приняты соответствующие меры реагирования. В дальнейшем Театр будет принимать системные меры, направленные на недопущение нарушений.

Иные вопросы, вытекающие из организационно-управленческой деятельности Театра.

В ходе ВАКР был рассмотрен вопрос о правомерности заключения агентского договора между Театром (в лице руководителя) и заместителем руководителя Театра Уtimiшевой Г.В. на оказание услуг по реализации билетной продукции от 01 марта 2025 года.

Согласно Закону Республики Казахстан «О противодействии коррупции», конфликт интересов – противоречие между личными интересами лиц, занимающих ответственную государственную должность, лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций, лиц, приравненных к ним, должностных лиц и их должностными полномочиями, при котором личные интересы указанных лиц могут привести к неисполнению и (или) ненадлежащему исполнению ими своих должностных обязанностей.

Заместитель руководителя является штатным работником Театра, получающим заработную плату по трудовому договору. Заключение с ним гражданско-правового договора (агентского) с вознаграждением создает прямой конфликт интересов, так как лицо одновременно: выполняет управленческие функции; принимает участие в процессах, связанных с финансово-хозяйственной деятельностью.

Рекомендации:

1. По результатам внутреннего анализа, рекомендовано проводить постоянный анализ принимаемых внутренних актов на предмет возможных коррупционных рисков

2. Расторгнуть агентский договор с заместителем руководителя Театра, так как заключение гражданско-правового договора с действующим штатным сотрудником, входящим в управленческую структуру Театра, нарушает требования Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции, в части предотвращения конфликта интересов.

Руководитель

Комплаенс-офицер



[Handwritten signature]
[Handwritten signature]

Г. Темирова

Д. Кемеров